

Ата-аналар назарына!
2022-2023 оқу жылындағы бірыңғай мектеп формасы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы №296 бұйрығымен бекітілген

Орта білім беру ұйымдарындағы міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар:

Қыз балалар үшін – қаракөк түсті пиджак, жилет, юбка, шалбар, классикалық жейде, не түймелері бар немесе сыдырмалы тоқылған күрте/кардиган, поло жейде немесе тенниска (қысқы уақытта: трикотаж жилет, сарафан, водолазка). Қыздарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады.

Ұл балалар үшін – қаракөк түсті костюм шалбар, пиджак, жилет, шалбар, мерекелік жейде (ақ түсті), күнделікті жейде бір түсті, не түймелері бар немесе сыдырмалы тоқылған күрте/кардиган, поло жейде немесе тенниска (қысқы мезгілде: трикотаж жилет, водолазка). Ұлдарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады.

Мектеп формасына түрлі діни конфессияларға қатысты киім элементтерін қосуға болмайды. Мектепте кез келген діни атрибуттарды (белгілер) киюге тыйым салынады. Оқушыларға орамал, бас киім, тақия, күлпәре т.б киюге рұқсат етілмейді.